Әділет

# "Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру " электрондық мемлекеттік қызметінің регламентін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 352 Қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қаңтарда № 2202 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 244 қаулысымен

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 15.08.2013 № 244 қаулысымен.

«Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы (Г.М. Байжауынова) осы қаулының белгіленген заңнамалық тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет - ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Б. Қанешевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі Б. Мұхаметжанов*

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің міндетін атқарушы
С.С. Сарсенов

29 желтоқсан 2012 жыл

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2012 жылғы 29 желтоқсанда
№ 352 қаулысымен бекітілген

# «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру » электрондық мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – қызмет) «Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – қызмет көрсетуші), сондай - ақ www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы немесе www.elicense.kz «Е - лицензиялау» веб - порталы арқылы көрсетіледі.

2. Осы қызмет «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қантардағы Заңы, «Өнеркәсіп және экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысымен бекітілген «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты негізінде жүзеге асырылады .

3. Қызметтің автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған.

4. Қызмет көрсету түрі: транзакциялық.

5. Осы «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен

қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі – Регламент) пайдаланылатын ұғымдар мен қысқарған сөздер:

1) ақпараттық жүйе – аппараттық - бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

2) «электронды үкімет» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе (бұдан әрі –ЭҮП);

3) «Е - лицензиялау» веб – порталы – берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар, сондай - ақ лицензияланатын қызмет түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметтерді қамтитын, лицензиарлар беретін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірін орталықтандырып қалыптастыратын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ);

4) «электрондық үкімет» шлюзі – электрондық қызметтерді іске асыру бойынша «электрондық үкіметті» шоғыландыруға арналған ақпараттық жүйе ( бұдан әрі – ЭҮШ)

5) «электрондық үкімет» төлемді шлюзі – банктік операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, екінші деңгейлі банктердің ақпараттық жүйелер арасындағы өзара әрекеттестікті және жеке, заңды тұлғалардың төлемдерді жүзеге асыру кезінде «электрондық үкіметі» қамтамасыз ету үшін арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЭҮТШ);

6) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры – ақпаратты автоматты жинақтауға, сақтау мен өңдеуге, Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және олар туралы мемлекеттік органдар мен басқа да субъектілерге олардың өкілеттіктерінің шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзекті және шынайы деректер беру мақсатында Бизнес - сәйкестіндіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЗТ МДҚ);

7) алушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін заңды тұлға;

8) бизнес-сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлға (филиал мен өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір(бұдан әрі – БСН);

9) пайдаланушы – өзіне қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оны өз қажетіне жарататын субъект (

алушы, қызмет көрсетуші);

10) транзакциялық қызмет – пайдаланушыларға электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

11) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі (бұдан әрі – ЭЦҚ);

12) электрондық құжат – ақпарат электронды цифрлы нысанда берілген және электрондық цифрлық құжат арқылы куәландырылған құжат;

13) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолдана отырып, электронды нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;

14) электрондық лицензия – қағаз жеткізгіштегі лицензияға тең, ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін электрондық құжат нысанындағы лицензия;

15) Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе – бұл нотариалдық қызметтің автоматтандыруы және әділеттік органдарының өзара әрекеттесуі және нотариалдық палаталар үшін қолайлы аппаратты - бағдарламалық кешен (бұдан әрі – БНАЖ);

16) құрылымдық функционалдық бірліктер – электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі (бұдан әрі – ҚФБ);

17) АЖО – автоматтандырылған жұмыс орны.

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. Осы Регламенттің 2-қосымшасында ЭҮП арқылы көрсетілген адымдық әрекеттері мен шешімдері (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс - қимылдың № 1 диаграммасы):

1) алушы ЭҮП тіркелуді ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен жүзеге асырады, алушының компьютерінің ғаламтор - браузерінде сақталынады (ЭҮП-да тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1 - үдеріс – ЭЦҚ тіркеу куәлігінде алушының компьютерін ғаламтор-браузеріне тіркеу, электрондық мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушының паролін ЭҮП қосу үдерісі;

3) 1 - шарт – логин (БСН) және пароль арқылы алушының тіркелуі жөнінде ЭҮП деректердің түпнұсқалығын тексеру;

4) 2 - үдеріс – алушы деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты авторландырудан бас тарту туралы ЭҮП хабарламасын қалыптастыру;

5) 3 - үдеріс – алушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұраным нысанын экранға шығару және оның құрылымы мен нысандық талаптарын ескере отырып, алушының нысанды толтыруы ( деректерді енгізу), қажетті құжаттарды электрондық түрде сұраным нысанына бекіту;

6) 4 - үдеріс – ЭҮТШ қызметінің төлемі, содан кейін осы ақпарат «Е - лицензиялау» АЖ МДБ түседі;

7) 2 - шарт – «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет көрсетуіне нақты төлемдерді тексеру;

8) 5 - үдеріс – «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет көрсетуіне төлемдердің жоқтығына байланысты, сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыруы;

9) 6 - үдеріс – сұрау салуын куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін алушымен таңдауы;

10) 3 - шарт – ЭЦҚ тіркеу куәлігінің мерзім әрекеті және қайтарып алған ( күшін жойған) ЭҮП тіркеу куәлігінің тізімінде жоқ болуына сәйкестігін, сонымен қатар БСН сұрау салуында және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН аралығында сәйкестендіру деректерді тексеру;

11) 7 - үдеріс – алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8 - үдеріс – алушының ЭЦҚ арқылы қызмет көрсетуіне сұрау салуының толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) куәландыру (қол қою);

13) 9 - үдеріс – «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ электрондық құжатты тіркеу ( алушы сұранымы) және сұранымды «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-да өңдеу;

14) 4 - шарт – қызмет көрсетушінің алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру үшін негіздемеге сәйкестігін тексеруі;

15) 10 - үдеріс – «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ т алушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты, сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы ЭҮП хабарламаны қалыптастыруы;

16) 11 - үдеріс – ЭҮП қалыптасқан қызмет қорытындысын (электрондық лицензия) алушымен алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ пайдалануымен қалыптасады.

7. Қызмет берушінің электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі адымдық әрекеттері мен шешімдері (функционалдық өзара іс - қимылдың № 2 диаграммасы) осы Регламентке 2-қосымшада келтірілген.

1) 1-үдеріс – мемлекеттік қызметті көрсету үшін «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ - ға қызмет көрсетуші қызметкерінің логин мен құпия сөзін енгізуі (авторлану

үрдісі);

2) 1 - шарт – «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ - да қызмет көрсетушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің нақтылығын логин және құпия сөз арқылы тексеру;

3) 2 -үдеріс – қызмет көрсетушінің қызметкері туралы деректерде бұзушылықтар болуына байланысты «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ - да авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3 - үдеріс – қызмет көрсетуші қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұраным нысанын экранға шығару және қызмет көрсетуші қызметкерінің алушы деректерін, сондай - ақ сенімхат бойынша алушының өкілінің мәліметтерін енгізуі (нотариалдық куәландырылған сенімхат, басқа да куәландырылған сенімхат болған жағдайда – сенімхат деректері толтырылмайды);

5) 4 - үдеріс – алушы деректері туралы сұранымды ЭҮШ арқылы ЗТ МДҚ жіберу;

6) 2 шарт – алушы деректерінің барын ЗТ МДҚ тексеру;

7) 5 - үдеріс – ЗТ МДҚ алушы деректерінің болмауына байланысты, деректердің алуға мүмкінсіздігі туралы хабарламаны қалыптастыруы;

8) 6 - үдеріс – қағаз нысанда құжаттың болуы туралы белгі бөлігінде сұраным нысанын толтыру және қызмет көрсетуші қызметкерінің алушы ұсынған қажетті құжаттарды сканерден өткізуі және оларды сұраным нысанына тіркеуі;

9) 7 - үдеріс – «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ сұрау салуды тіркеу және «Е - лицензиялау» АҚ МДБ қызметті өңдеу;

10) 3 - шарт – қызмет көрсетушінің алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру үшін негіздемеге сәйкестігін тексеруі;

11) 8 - үдеріс – «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 9 - үдеріс – «Е - лицензиялау» МДҚ АЖ қалыптасқан қызмет қорытындысын (электрондық лицензия) алушымен алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ пайдалануымен қалыптасады.

8. Қызметке сұрау салуды және жауапты толтыру нысандары www.elicense.kz «Е - лицензиялау» веб - порталында көрсетілген.

9. Сұрау салуды өңдегеннен кейін алушыға мынадай амалдармен сұрау салуды өңдеу нәтижесін қарауға мүмкіндік беріледі: «ашу» кнопкасын басқаннан кейін – сұрау салу нәтижесі дисплей экранына шығарылады;«сақтау» кнопкасын басқаннан кейін – алушы сұратқан Adobe Acrobat нысандағы магнитті жеткізгіште сақталады.

10. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету бойынша қажетті ақпарат пен кеңестерді ЭҮП call – орталығының телефоны: (1414) бойынша алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерісіндегі өзара іс - қимыл тәртібінің сипаттамасы

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезінде келесі ҚФБ қатысады:

1) ЭҮП;
2) ЭҮШ;
3) ЭҮТШ;
4) «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ;
5) ЗТ МДҚ;
6) БНАЖ;
7) қызмет беруші.

12. Осы Регламенттің 1-қосымшасында әрбір іс - қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, қарапайым іс - қимылы (функциялар, рәсімдер, операциялар) дәйектілігінің мәтіндік, кестелік сипаттамасы көрсетілген.

13. Осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген олардың сипаттамаларымен сәйкес (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) іс-қимылының қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін диаграмма көрсетілген.

14. Алушыларға қызметті көрсету нәтижелері осы Регламенттің 3-қосымшасынасәйкес сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

15. Алушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қойылатын талаптар:

1) құпиялылық (ақпаратты заңсыз түрде алудан қорғау);
2) тұтастық (ақпаратты заңсыз өзгертуден қорғау);
3) қол жетімділік (ақпаратты және ресурстарды заңсыз ұстаудан қорғау).

16. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің техникалық шарттары:

1) Интернетке шығу;
2) электрондық лицензия берілетін тұлғаның БСН болуы;
3) «ЭҮП» авторизациялау;
4) пайдаланушының ЭЦҚ-ның болуы;
5) банк карточкасының немесе екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шотының болуы.

«Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және

өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

# 1-кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ әрекетінің сипаттамасы

| Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысы- ның, ағынының) № | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 2 | ҚФБ атауы | Алушы | ЭҮП | Алушы | ЭҮТП | ЭҮП | Алушы |
| 3 | Іс-қимылдың ( үдеріс-тің, рәсімдеудің, опера-цияның) атауы және олардың сипатта-масы | ЭЦҚ тіркеу куәлігін-де тұтынушы-ның компьюте-рін ғаламтор-браузері-не тіркеу | Алушының деректе- рінде бұзушы- лықтар болуына байланыс-ты,бас тарту хабарла- маны қалыптас-тырады | Қызметті таңдау, және элект - рондық түрде қажетті құжат-тарды тіркеуі-мен өтінім дерек-терді қалып-тастыру | Қызмет-тің төлемі | Төлем- дердің жоқтығы-на байла- нысты, бас тарту туралы хабарла-маны қалып-тастыра-ды | Сұрау салуын куәлан-д (қол қо үшін Э таңдау |
| 4 | Аяқтау нысаны ( дерек- тер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі) | Сұрау салуды табысты құрастыру туралы ескертуді бейнелеу | Сұрау салынатын электрон-дық мемлекет-тік қызметтен бас тарту туралы хабарла- маны қалыптас-тырады | Сұрау салуды табысты құрасты-ру туралы ескерту-ді бейнелеу | Әрекет-ті табысты құрас-тыру туралы ескер- туді бейне- леу | Сұрау салына-тын элект-рондық мемле-кеттік қызмет-тен бас тарту туралы хабарла-маны қалыптастырады | Сұрау салуды марш-руттау |
| 5 | Орындау мерзім-дері | 10–15 секунд | 20 секунд | 1,5 минут | 1,5 минут | 10–15 секунд | 10–15 секунд |
| 6 | Келесі іс-қи-мылдың нөмірі | 2– егер тұтынушы-ның деректе- рінде бұзушы- лықтар бар болғанда; 3–егер куаттау ойдағыдай өткенде | – | 4 | 5 – егер төлеме-се, 6 – егер төлесе | – | 7– егер Э қате, 8 егер Э қатесіз |

| Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы |
|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 2 | ҚФБ атауы | ЭҮП | Алушы | ЭҮП | ЭҮП | ЭҮП |
| 3 | Іс-қимыл- дың ( үдерістің, рәсімдеу- дің, операция- ның) атауы және олардың сипаттама-сы | Алушының ЭЦҚ түпнұсқа-лығының растал- мауына байланыс-ты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады | Э Ц Қ арқылы сұрау салуын куәлан-дыру (қол қою) | «Е-лицензиялау» АЖ электрон- дық құжатты ( тұтынушы-ның сұрау салуы) тіркеу және «Е-лицен- зиялау » АЖ сұрау салуды өңдеу | «Е-лицензия-лау» АЖ тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болуынан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрон-дық құжат ( электрондық лицензия) |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі) | Сұрау салынатын электрон-дық мемлекет-тік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптас-тырады | Сұрау салуды маршруттау | Өтінішке нөмер тіркеуімен сұрау салуды тіркеу | Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады | Электрон-дық лицензия |
| 5 | Орындау мерзімдері | 10–15 секунд | 1,5 минут | 1,5 минут | 20 секунд | 15 жұмыс күні<br>10 жұмыс күні<br>2 жұмыс күні |
| 6 | Келесі іс-қимыл-дың нөмірі | - | - | 10- қызмет берушімен лицензия беру үшін тұтынушы-ның біліктілік талаптары-на және негізіне сәйкестігін тексеру | - | – |

# Таблица 2. Қызмет беруші арқылы ҚФБ әрекетінің сипаттамасы

| Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл ( жұмыс барысының, ағынының) № | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2 | ҚФБ атауы | Қызмет беруші | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ | Қызмет беруші | ГБД ЮЛ | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ |
| 3 | Іс-қимыл-дың (үдеріс- тің, рәсімдеу-дің, операция-ның ) атауы және | «Е-лицен- зиялау» МДҚ АЖ авторизацияланады | Алушының деректерінде бұзушылық-тар болуына байланысты, бас | Қызмет-ті қызмет беруші қызмет-керімен таңдау | Алушы- ның деректерін тексе- руіне | Алушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты, бас |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | олардың сипаттамасы | | тарту туралы хабарлама-сын қалыптастыру | | сұрау салуды ЗТ МДҚ жолдау | тарту туралы хабарламасын қалыптастыру |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі) | Сұрау салуды табысты құрастыру туралы ескертуді бейнелеу | Сұрау салынатын электрон- дық мемлекет- тік қызметтен бас тарту туралы хабарлама-сын қалыптастыру | Сұрау салуды табысты құрастыру туралы ескертуді бейнелеу | Сұрау салуды маршруттау | Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламасын қалыптастыру |
| 5 | Орындау мерзімдері | 10–15 секунд | 10 секунд | 1,5 минут | 1,5 минут | 1,5 минут |
| 6 | Келесі іс-қимыл-дың нөмірі | 1 - қызмет беруші кәсіпкері-нің логин және пароль деректер- дің түпнұсқалығын «Е-лицен- зиялау» МДҚ АЖ тексеру | – | 4 | 5– егер тұтыну-шының деректерінде бұзушы-лықтар бар болған-да;<br>6–егер қуаттау ойдағы-дай өткенде | - |

Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл ( жұмыс барысының, ағынының) № | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 2 | ҚФБ атауы | Қызмет беруші | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ » | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ | «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ |
| 3 | Іс-қимыл-дың ( үдеріс-тің, рәсімдеу-дің, операция-ның) атауы және олардың сипаттамасы | Құжаттарды тіркеумен сұрау салу нысанын толтыру | «Е-лицензия-лау» АЖ электрондық құжатты тіркеу және «Е-лицензия-лау» АЖ сұрау салуды өңдеу | «Е-лицензия-лау» МДҚ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтар болуынан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық құжат (электрондық лицензия) |
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі) | Сұрау салуды табысты құрастыру туралы ескертуді бейнелеу | Өтінішке нөмер тіркеуімен сұрау салуды тіркеу | Сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық лицензия |
| 5 | Орындау мерзімдері | 10–15 секунд | 1,5 минут | 20 секунд | -15 жұмыс күні<br>10 жұмыс күні<br>2 жұмыс күні |
| | | | 8– егер сұрау салу бойынша | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | - | «Е-лицензия-лау» МДҚ АЖ деректердің болмағандығы.<br>9 – егер сұрау салу бойынша деректердің табылғандығы | - | - |

«Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 2 - қосымша

## ЭҮШ арқылы электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде функционалдық іс - қимылының № 1 диаграммасы

(сызбаны қағаз нұсқасынан қараңыз)

## Қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде функционалдық іс - қимылының № 2 диаграммасы

(сызбаны қағаз нұсқасынан қараңыз)

## Шартты белгілер:
## (шартты белгілерді қағаз нұсқасынан қараңыз)

«Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта

ресімдеу,лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 3 - қосымша

## Электрондық мемлекеттік қызметтерінің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнаманың нысаны

**___________________________________________________**

**(қызметтің атауы)**

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанған жоқпын;
2) ішінара қанағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанған жоқпын;
2) ішінара канағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК